

## Шардара ауданының Шардара қаласы мен елді мекендерінің бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2012 жылғы 6 қарашадағы № 9-68-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 қарашада № 2147 тіркелді

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 29.03.2013 № 13-92-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Шардара қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*З.Талбидин*

*Т.Бердібеков*

Шардара аудандық мәслихатының  
2012 жылғы 6 қарашадағы  
№ 9-68-V шешіміне қосымша

## Шардара ауданының Шардара қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 19.11.2018 № 33-221-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Аймақтар атауы	Аймақтар нөмірі	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері

	<p>Н.Ондасынов, Ө.Түгелбаев көшелерінің және Төле би көшесінің бойымен жаңа көпірге дейінгі аралықтағы осы көшелердің екі жақ беті, Қазыбек би, Әйтеке би және Әл-Фараби көшелері бойындағы жер телімдері түгелімен және Б.Саттарханов көшесімен Жастар көшесінің қиылысынан басталатын, Жастар көшесінің бойында орналасқан жер телімдері, Әл-Фараби көшесінің сол жағы бойымен Қазыбек би көшесіне дейін, Қазыбек би көшесінің сол жағы бойымен Әйтеке би көшесіне дейін, Әйтеке би көшесінің сол жағы бойымен Төле би көшесіне дейін, Төле би көшесінің сол жағы бойымен Шардара су қоймасының су қорғау аймағы, автобаза және механикалық-жөндеу зауыты аймағы дейінгі жерлер. № 1 учаске, алаңы-12,04 га. Шардара қаласының аумағына жаңадан қосылған алаңы-12,04 га жер телімі, жаңадан дайындалған және бекітілген Шардара қаласының егжей-тегжейлі жоспарына сәйкес, бұрынғы қаланың шекарасының оңтүстік-батыс жағынан төмен, бұрынғы қаланың шекарасынан бастап оңтүстікке қарай үш шақырымдай жерде орналасып, Шардара су қоймасының жағалауымен шектесе жағалап, Шардара су қоймасының батыс жағынан орын алып, сол жағынан жаңадан қалаға енгізілген жерлермен шектесіп, қаланың бұрынғы батыс шекарасынан бір шақырымдай жерде орналасқан.</p> <p>№ 2 учаске, алаңы-110,52 га. Шардара қаласының аумағына жаңадан қосылған алаңы-110,52 га жер телімі, жаңадан дайындалған және бекітілген Шардара қаласының егжей-тегжейлі жоспарына сәйкес, қаланың бұрынғы шекарасының оңтүстік-батыс жағынан төмен, қаланың бұрынғы шекарасынан бастап, оңтүстікке қарай 5 шақырым жерде, №1 учаскеден автотрассамен төмен оңтүстікке қарай 2-3 шақырым жерде орналасып, Шардара су қоймасының жағалауымен шектесіп, Шардара су қоймасының батыс жағынан орын алып, сол жағынан жаңадан енгізілген жерлермен шектеседі.</p> <p>№ 3 учаске, алаңы-14,23 га. Шардара қаласының аумағына жаңадан қосылған алаңы-14,23 га жер телімі, жаңадан дайындалған және бекітілген Шардара қаласының егжей-тегжейлі жоспарына сәйкес, бұрынғы қаланың шекарасының оңтүстік-батыс жағынан төмен, қаланың бұрынғы шекарасынан бастап оңтүстікке қарай 8 шақырым жерде, № 2 учаскеден төмен орналасып, Шардара су қоймасының жағалауымен шектесіп, Шардара су қоймасының батыс жағынан орын алып, сол жағынан жаңадан қалаға қосылған жерлермен шектесіп, трассаға дейін 1 шақырымдай жерде орналасқан.</p> <p>№ 4 учаске, алаңы-118,51 га. Шардара қаласының аумағына жаңадан қосылған алаңы-118,51 га жер телімі, жаңадан дайындалған және бекітілген Шардара қаласының егжей-тегжейлі жоспарына сәйкес, қаланың бұрынғы шекарасының оңтүстік-батыс жағынан төмен, қаланың бұрынғы шекарасынан бастап, оңтүстікке қарай 10 шақырым жерде орналасып, сол жағынан Шардара су қоймасының жағалауымен шектесіп, Шардара су қоймасының батыс жағынан орын алып, сол жағынан жаңадан қалаға енгізілген жерлермен шектеседі.</p>		1,2
2	<p>Темірбеков көшесі бойымен Құршан көшесінің қиылысына дейін, екінші жағы Тоқтаров көшесінің қиылысына дейін, Шардара қаласының сол жағалауына өтетін көпірден бастап Арыс қаласына жүретін айналма жолдың екі жақ беті, Н.Ондасынов көшесінің және Әл-Фараби көшесінің қиылысынан бастау алып жолдың екі жақ беті Шардара қаласының шекарасына дейін, Төле би көшесінің сол жақ бетімен Әйтеке би көшесіне дейін, осы көшеден бастау алып сол жақ бетінен Қазыбек би көшесіне дейін, Қазыбек би көшесінен бастау алып сол жақ бетінен Әл-Фараби көшесіне дейін, Әл-Фараби көшесінен бастау алып Шардара</p>		1,0

	су коймасына дейін және Достық, Нұр-Отан мөлтек аудандары, Төле би көшесінің сол жақ бетін ала отырып Қ.Тұрысбеков көшесіне дейін, Қ.Тұрысбеков көшесінің сол жақ бетімен Төле би көшесіне дейінгі жерлер.	2	
3	Шардара қаласының бірінші және екінші аймаққа кірмейтін аймақтары.	3	0,7

## **Шардара ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері**

Аймақтар атауы	Аймақтың нөмірі	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері
<b>Қ.Тұрысбеков ауылдық округі</b>		
Қ.Тұрысбеков ауылы	3	1,2
Ақберді ауылы	5	1,0
Бимырза ауылы	7	0,7
Қуан-құдық ауылы	5	1,0
Пішентөбе ауылы	5	1,0
Бозай ауылы	5	1,0
<b>Қоссейіт ауылдық округі</b>		
Қоссейіт ауылы	2	1,3
<b>Жаушықұм ауылдық округі</b>		
Жаушықұм-1 ауылы	1	1,4
Бағыскөл ауылы	5	1,0
Жаушықұм ауылы	5	1,0
Қалғансыр ауылы	5	1,0
Құйған ауылы	5	1,0
<b>Көксу ауылдық округі</b>		
Көксу ауылы	4	1,1
Айдаркүл-қашар ауылы	6	0,9
Баспанды ауылы	6	0,9
Жоласар ауылы	6	0,9
Сырдария ауылы	6	0,9
<b>Ұзын ата ауылдық округі</b>		
Ұзын ата ауылы	1	1,3
<b>Алатау батыр ауылдық округі</b>		
Қазақстан ауылы	4	1,1
Целинное ауылы	4	1,1
<b>Қызылқұм ауылдық округі</b>		
Қызылқұм ауылы	4	1,1

Достық ауылдық округі		
Достық ауылы	4	1,1
Ақшеңгелді ауылдық округі		
Ақалтын ауылы	4	1,1
Егізқұм ауылы	6	0,9
Сүткент ауылдық округі		
Сүткент ауылы	4	1,1
Шабырлы ауылы	6	0,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК